

**«Нұр-Мерей» бөбекжай балабақшасының 2023-2024 оқу жылының
өндірістік кеңестің**

Хаттамасы №1

Мерзімі: 28 .09.2023

Қатысқандар: 28

Күн тәртібінде:

- 1.Салауатты өмір салтын қалыптастыру және балаларды сауықтыру шараларының нәтижесі (шынықтыру шаралары, ұйқыдан кейінгі жаттығу, тыныс алу жаттығуы)
- 2.Ағымдағы жұмыстарды, шолу тексеруінің қорытындысы
- 3.Өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталуы, шолу қорытындысы

Тындалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселе бойынша Балабақшамыздың тәрбиешілер М.Д.Абдуразакова , А.Б.Тилеубаева және медбикесі Алтынбекова Зауреш өз ойларын ортаға салды.Балалардың дене бітімдерінің дұрысқалыптасуына ,қан айналымының жақсартуына ,көздерінің дем алуға, балалардың арқалары, қолдарындағы,табандарының нүктелері оятуға арналған жаттығулар жасататын айттып өтті. Балалардың көңіл-күйін көтеру,мәдени-гигиеналық талаптарды орындау, тазалыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу.Гимнастика кешені тұрақты. Жаттығулар ойын түрінде жүргізіледі., жаттығуларды 1-2 айдан кейін ауыстырып отырады. Түскі ұйқыдан әрбір бала жеке оятылды. Біздің топта ұқсастықтары бойынша ең жеңіл , қарапайым жаттығулар жасатын айтып өтті.

Күн тәртібінің екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісіС.Х.Муминова ағымдағы жұмыстарды шолып тексеру қортындысы бойынша сөз алды .онда жұмыстар өз ырғағымен өтіп жатқандары жайында атап өтті.

Күн тәртібінің үшінші мәселе бойынша шаруа меңгерушісі Т.Бектемиров сөз алды өрт қауіпсіздік ережелерінің орындалып жатқаны жайында сөз алды.Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігінің ережесі азаматтардың өмірі мен денсаулығын ,жеке заңды тұлғалардың мүлкін қорғайтынын айтып өтті. Сонымен қатар ұйымның барлық жұмысшылары тек өртке қарсы

нұсқаулықтан өткеннен кейінгі ғана жіберілетін қызметкерлер өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарын орындауға міндетті екенін ескерді. Ғимараттарда өтке қарсы қызмет шақыратын телефон номерлері іліну керек. Жаттығулар өтілуі тиіс екенін ескеру керек екені ескертілді. Ұжым қызметкерлерінің өртті сөндіруге құтқару жұмыстарына қатысу міндетті екені айтылды. Өрт қауіпсіздігін алдын алуға және зардаптарын жоюға жауапты адам балабақша меңгеруші бұйрығымен бекітілгенін айтты

Жиналысты қаулы етемін

Өрт қауіпсіздігінің ережелері сақталсын

Меңгеруші:



С.Х.Муминова

**«Нұр-Мерей» бөбекжай балабақшасының 2023-2024 оқу жылының
өндірістік кеңестің**

Хаттамасы №2

Мерзімі:

22.12.2023

Қатысқандар:

28

Күн тәртібінде:

- 1.Топтардың санитарлық жағдайы, жедел тексеру қорытындысы
- 2.Ас блогының жұмысын талдау / тамақтың әртүрлілігі, коллориясы/, ас үйдін санитарлық-гигиеналық жағдайы.
- 3.Техника қауіпсіздік ережелері мен нұсқаулықтардың орындалу нәтижелері

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселе бойынша Алтынбекова Зәуреш сөз алды
Топтардың санитарлық жағдайының жедел тексеру қорытындысы бойынша
санитарлық орындалу талаптарының орындалуы, тамақтану
режімдері, үстелдің жабықталуы, асқұралдарының пайдалану
құралдары, тамақтану мәдинеті, тәрбиешінің тамақты ұсыну шеберлігін
бақылады. Тамақтану үстел үсті ас құрамы мен алдын ала жабықталды.
Балалармен гигиеналық процедуралар қолды-бетті сабындап жуу, киімдерін
жеңілдету жұмыстары жүргізілді. Топтар желдету кестесіне сай желдетіліп
, таңғы дымқыл тазалау жұмыстары жүргізілуде. Санитарлық талап
ережелері өз деңгейінде сақталып жатқандары жайында айтып өтті.
топтардың тазалықтары, шынықтыру шаралары, ойыншықтардың
тазалығы, т.б сол сияқты жұмыстар барлық топтарда жүргізіліп жатқандары
жайында айтылды.

Күн тәртібінің екінші мәселе бойынша Алтынбекова ас блогының жұмысы
аспазшы мен медбикесі екеу бірлесе отырып талдайды яғни минюді біріге
құрап , әкелінген заттарды талдап талқылайды. Тамақтың бес күндігінде
бірдей болмау керектігін және тамақтың коллориясын медбикеміз тексеріп
керек нәрселерін айтып отырады. Асқанамыздың санитарлық гигиеналық
жағдайы жақсы таза және асқанада тазалық құралдары бар, күніге хлор сумен
тазаланып жатқандығы жайында айтып өтті. Ас блогының қажетті ыдыстар
мен құралдар жеткілікті. Балалардың тамақтану ас мәзіріне сай беріледі.
Барлық ыдыстар, құралдар, жиһаздар таңбаланған.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша балабақшамыздың шаруа меңгерушісі Бектемиров Талғат Нарзуллаевич сөз алды. Техникалық қауіпсіздік ережелері бойынша нұсқаулықтарымен таныстырып өтті. айтып осы нұсқаулықтар бойынша талаптарын орындалуы жайында айта кетті.

Жиналыс қаулы етілді

Техникалық қауіпсіздік ережелері соның ішінде нұсқаулықтарын орында

Меңгеруші:



С.Х.Муминова

**«Нұр-Мерей» бөбекжай балабақшасының 2023-2024 оқу жылының
өндірістік кеңестің**

Хаттамасы №3

Мерзімі: 15.03.2024

Қатысқандар: 28

Күн тәртібінде:

- 1.Ішкі еңбек тәртібінің сақталуы,қызметкерлердің өз міндеттерін жүйелі атқару
- 2.Балалардың тамағын ұйымдастыру (тамақтану және ата-аналармен жүргізілген сауалнамалар, тамақтану қортындысы)
- 3.Азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалу нәтижелері.

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері Аимбетова Батпа сөз алды. Ішкі еңбек тәртібінің сақталуы,қызметкерлердің өз міндеттерін жүйелі атқаруда қызметкерлер жұмысқа өз уақытында келеді, балабақшаның күн тәртібі бойынша жұмыстар жүргізіледі т.с.с

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша балабақша медбикесі Алтынбекова З сөз алды. Бала деңсаулығына үлкен әсерін тигізетін және балалардың дұрыс тамақтануы туралы айтып өтті. Тамақты дәмді етіп даярлау арқылы ас қалдықтарын болдырмауды қатаң қадағалау екенін атап айтып өтті.Балалардың тамақтануына ерекше көңіл бөлуді талап етеміз. Ата-аналарға арналған сауалнама «Балабақшадағы тамақтану сапасы» тақырыбында сауалдамалар жүргізілді. Балабақшада балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру жұмысын жақсарту мақсатында сауалдама жүргізілуде.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері Б.У.Аимбетова сөз алды. Азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалу нәтижесі өз дәрежесінде өтілді барлық топтар жер сілкінісі және өрт қауіпсіздіктері бойынша сейсможаттығулар өткізді.Онда жер сілкінісі кезінде балалар не істеу керек және қай жерлерге тығылу керектігін және өрт шыққан жағдайда не істеу керектігі жайында айтып өтті.

